

Күй күмбірлеп, ән шалқып...



Сәуір айының 9-ы күні Павлодар қаласындағы ерке Ертістің бойы әсем ән мен күмбірлеген күйге бөленіп тұрды. Бұл күні Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясы қазақ ұлт аспаптар оркестрінің 10 жылдық мерейтойына арналған «Жастық шақ» атты концерт өтті. Естай

атындағы қалалық Мәдениет сарайында өткен өнер кешінде қазақтың ұлттық ән-күй мұрасының жауһарларынан бастап әлемдік классикалық музыканың ғажайып үлгілері оркестрдің құдіретті үні арқылы тарту етілген әуезді шығармалар тыңдарман жүрегіне жол тартты. Тамылжыған ән де, күмбірлеген күй де, түрлі аспап иелерінің жеке дара өнер көрсеткен сахналық нөмірлері де бір-бірімен үндесіп, өнерсүйер қауымның сүйіспеншілігі мен қошеметіне ие болды.

Салтанатты кештің шымылдығы Иса Байзақовтың «Желдірмесімен» түрілді. Композитор Евгений Брусиловский оркестрге лайықтап түсірген әйгілі әннің әуені алуан түрлі аспаптар күшімен екпін алып, желдірте құбылды. Көрерменнің көңілін көтеріп, музыканың шексіз құдіреттілігін танытқандай әсерге бөледі. Оркестрдің әншісі, республикалық байқаулардың жүлдегері Нұржан Сарқамбаев қазақтың дарынды ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналған «Еске алу» атты әнді нақышына келтіре шырқады. Күйші Ризолла Садықов Махамбеттің «Жұмыр қылышын» оркестрдің сүйемелдеуімен шебер орындап, бабаларымыздың жауынгерлік рухын көз алдымызға әкелгендей болды. Жалпы айтқанда, әрбір музыкалық туындының мінезі мен дара болмысын үкілеп жеткізуде оркестр өзіне тән қолтаңбасын көрсете білді. Дина Нұрпейісованың «Бұлбұлы», Ж.Мұхтаровтың «Ұлы дала елі» атты туындылары да тыңдарманға ерекше әсер етті. Кешке қонақ ретінде қатысқан Ғ.Жұбанова атындағы мемлекеттік ішекті аспаптар квартетінің, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Дәурен Ғылымов жетекшілік ететін «Дәуір» этно-фольклорлық ансамблінің, халықаралық байқаулардың лауреаттары, күйшілер Е.Наурыз бен Т.Олжайдың орындаушылық шеберліктеріне жұртшылық жоғары баға берді. Осы орайда мына бір сүйіншілейтін жаңалықты жеткізсек дейміз. Мерейтойлық өнер кешінде осы өңірдегі зиялы қауымның бастамасымен және Павлодар облысы әкімдігінің қолдауымен оркестрге қазақтың талантты күйші-композиторы, ҚазКСР-нің халық әртісі Рүстембек Омаровтың есімі берілді. Бұл қуанышты оқиғаға байланысты күйшінің кенже қызы Қарлығаш Омарова Алматыдан арнайы келіпті. Павлодар облысы әкімінің орынбасары Мейрам Бегентаев оркестр жетекшісіне Рүстембек Омаровтың есімі берілгені жөнінде сертификатты табыс етіп,

Қарлығаш Омарованың иығына камзол жауып, лайықты құрмет көрсетті. Айта кетейік, Рүстембек Омаров Павлодар облысының тумасы. 1919 жылы Лебяжі ауданы Шарбақты ауылында дүниеге келген. Ән мен күйге жастайынан құмар болып, сол өңірге белгілі Салық, Тоқыбай, Темірболат сынды әнші-жыршылардан тәлім алып, ер жеткен. Кейіннен академик Ахмет Жұбановпен танысып, Ахаң құрған қазақ ұлт аспаптар оркестріне қабылданған. Құрманғазы, Мәмен, Қазанғаптың күйшілік мектептерін



жетік меңгерген домбырашы ретінде тыңдармандарының сүйіспеншілігіне бөленген. Рүстембек Омаров кәсіби білімін жетілдіру мақсатында Ленинград консерваториясының училищесіне оқуға түскенімен, 1939 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, майдан шебіне аттанған. Елге аман-есен оралған соң Ахмет

Жұбановтың қамқорлығының арқасында оқуын Алматы консерваториясында жалғастырып, 1951 жылы тәмамдаған. Талантты домбырашының орындауындағы халық күйі «Ақсақ құлан», Құрманғазы, Дина, Абылдың және т.б. композиторлардың күйлері қазақ музыкасының «Алтын қорына» енді.

Облыстық өнер ұжымының бұдан былай Рүстембек Омаров атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрі деп аталуы күйші есіміне деген бүгінгі ұрпақтардың зор құрметі болса, екіншіден күй өнеріндегі рухани сабақтастықтың, берік дәстүрдің үзілмей жарасымды жалғасын тапқаны дер едік. Еліміздегі Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Тәттімбет, Ахмет Жұбанов және өзге де тұлғалардың атындағы оркестрлердің қатарына осылайша Рүстембек Омаров атындағы оркестрдің де қосылуы ұлттық музыкамыздың өрге жүзгені, мерейіміздің өскені емес пе. Салтанатты кеште, сондай-ақ оркестрге еңбегі сіңген азаматтар – Жанболат Бастамиев, Нұржан Сарқамбаев, Әсел Ахметоваларды Павлодар облысының әкімі Болат Бақауовтың Алғыс хаттарымен марапаттады. Павлодар қаласының әкімі Н.Әшімбетовтың Алғыс хаттарымен Б.Ақатаев, А.Әубәкіров, Павлодар облыстық мәслихатының Алғыс хаттарымен А.Әбдікәрімов, Р.Садықов, С.Мәкішева, Павлодар облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Алғыс хаттарымен А.Нағышпаев, Г.Сенкебаева, О.Петрушкина, А.Александров, Г.Әлкенова, А.Жұмалин, О.Михайленко, Ю.Пузина марапатталды. Алғыс хаттарды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы атынан Сәбит Барлыбаев, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі атынан Самал Бегалина, Иса Байзақов атындағы облыстық филармонияның директоры Амангелді Қожанов табыс етті. Осынау он жылдың ішінде өнер ұжымы шыңдалу мен қалыптасу кезеңінен өтіп, қазіргі таңда өрлеудің даңғыл жолына шықты. Репертуарына енген ән-күйлері де тыңдарманын жалықтырмайтын, өмірге жігер беретін көркем де тартымды дүниелер. Бұлардың барлығын іріктеп, екшеп таңдауда дирижер Талғат Кәрімовтың еңбегі зор екенін айта кеткеніміз жөн.

Оркестрдің шығармашылық жолындағы жеткен жетістіктері мен толайым табыстары аз емес. 2013 жылы Франция еліне гастрольдік сапармен барып қайтуы, Астана қаласында өткен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған концертке қатысуы, әнші-композитор Иса Байзақовтың 115 жылдығына арналған мерекелік кештерде, сондай-ақ «Қазақ елі», «Ғасырлар пернесі», «Әнім сен едің» атты мәдени шараларда өнер көрсетуі, 2016 жылы Ақтөбе қаласында өткен «Жұбанов көктемі-2016» халықаралық фестивалінде 1-ші орынды иеленуі де шығармашылық ұжым мүшелерінің кәсіби даярлығының жоғары екенін байқатады. Облыстық оркестрдің мерейтойлық концертіне Май ауданы Көктөбе ауылынан арнайы келген ардагер ұстаз Бейсен Сәтиев кеш туралы өз әсерімен бөлісіп: «Концерт маған өте қатты ұнады. Жақсы әсер алдым. Осы он жыл ішінде оркестр Павлодар облысындағы беделді ұжымға айналды. Жерлесіміз Рүстембек Омаровтың есімі берілуі қуанышымызды одан әрі еселей түсті. Лайым шығармашылық табыстарға жете берсін» деген тілегін білдірді.

Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ, «Ана тілі» газетінің арнаулы тілшісі
13 Сәуір, 2017 ж.